

**Т.Жармагамбетов атындағы орта мектебінің 5 «а» сыныбында  
2022 -2023 оқу жылының жылдық жұмыстары жөнінде хабарлама**

2022-2023 оқу жылында 5 «а» сыныбын барлығы 24 окушымен басталды. Оның 13-і ұл бала, 11-і қыз бала. Оқу озаты – 13, екпіндісі – 9. Сыныптың әлеуметтік жағдайы жақсы. Мектепішілік есепте тұрган оқушы жоқ.

2022 -2023 оқу жылының басында тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалып, бекітілді. Тәрбие жоспары 8 бағытта жасалды.

- 1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие,құқықтық тәрбие.
- 2.Рухани адамгершілік тәрбиесі.
- 3.Ұлттық тәрбие.
- 4.Отбасы тәрбиесі.
- 5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- 6.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.
- 7.Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие.
- 8.Дене тәрбиесі,салуатты өмір салты.

Тәрбие-халықтың ғасырлар бойы жинақтап, ірікten алған озық тәжіриbesі мен ізгі қасиеттерін жас үрпақтың бойына сіңіру, олардың айналамен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру құралы.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай мақсат, міндеттерді басшылыққа ала отырып жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіліп, тәрбиенің басым бағыттарына аса назар аударылды. Жоспарға сай барлық тәрбие сағаттары қамтылып, атқарылған жұмыстардың есебі тапсырылды. Сынып оқушылары өте белсенді, мектептегі және мәдениет үйіндегі шараларға қогамдық іс-шараларға белсене катысады. Сынып оқушылары аудандық , облыстық кезең бойынша спорттық шараларға да қатысып өздерін жақсы жақтарынан көрсете білді. Сонымен қатар ата-аналармен де жұмыстар жоспарға сай өткізіліп отырды.

Класс жетекшісі:  Т.С.Сәрсенбаева